



**БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА  
ТАРИХЫ, 3-ТОМ.  
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ  
БАСТАУЫ**

Гегель





## Гегель

Гегельдің алғашқы кітабы шындығында Фихте мен Шеллинг философиясын салыстыру еді. Ол 1770 жылы дүниеге келіп, Тюбинген университетінде теологияны зерттеді; 1801 жылы Йена университетіне қызметке орналасып, әлгі екі философтың әріптесіне айналды. Йена университетінде ол Наполеон 1806 жылы Пруссия әскерін күйрете жеңгеннен кейін жабылғанша сабақ берді. Қайыршылықтың сәл алдындағы Гегель осыдан соң көп ұзамай өзінің іргелі еңбегін – «Рух феноменологиясын» жариялады.

Тек 1816 жылы ғана Гегель Гейдельберг университетінің профессоры қызметіне ие болды; осы уақытқа дейін оның басты еңбегі – «Логика ғылымы» басылып шыққан еді. Бір жылдан соң ол философиялық ғылымдар энциклопедиясын: логика ғылымын, табиғат философиясын, рух философиясын жарыққа шығарды. 1818 жылы Гегель Берлинге лауазымды қызметке шақырылып, өзі тырысқақ ауруынан дүние салған 1831 жылға дейін осы жерде жұмыс істеді. Осы жылдары оның жарияланымдары аз болды, бірақ дәрістер курсы өзі өмірден өткен соң басып шығарылды. Олар философия тарихын талдауға қосымша эстетика, дін философиясы және философия тарихы бойынша жазылған еді. Оның қиын ресми жарияланымдарымен салыстырғанда жеңілірек оқылатын бұл туындылары Гегельдің қайталанбас және жан-жақты ақыл-ойын айқын көрсетті.

Ой әлеміне қосқан Гегельдің ең үлкен үлесі – философияға тарихилық элементін енгізуі. Ол философияның алғашқы тарихшысы емес, бұл атаққа Аристотель лайық. Ол тарихтың алғашқы философы да емес: оған дейін осы пәнге өздерінің классикалық үлестерін қосқан екі ойшыл болған еді – Джамбаттиста Виконың «Жаңа ғылымы» және Иоганн Готфрид Гердердің «Адамзат тарихы философиясының идеялары». Екеуі де тарихи әдісті бейнелейді, адам дамуының эволюциясын атап көрсетеді. Алайда Гегель ғана тарихтың философиядағы және философтың тарихнамадағы ерекше орнын айқындап берді.

«Философ тарих туралы ерекше түсінікке ие, әдетте тарихшыларға осы жетіспейді» деп есептеді Гегель. Тек философ қана ақыл-ойдың дүниені билейтінін және дүниенің тарихы – рационалдық үдеріс екенін түсінеді. Осы түсінікке жетудің екі тәсілі бар: метафизикалық жүйені зерттеу арқылы, не болмаса, тарихтың өзін зерттеу арқылы. «Тарих – ақыл-ойды ашу» деген сенімді қабылдау құдіретті аянға құлай сенуге сәйкес келеді; алайда метафизикалық түсіну теологиялық түсініктен терең, себебі тарихтың нақты сипатын ұғындыруға жалпы аян жеткіліксіз. Дүниенің ақырғы тағдырын, оны қалай жүзеге асыру керектігін философ қана біледі.

Гегельдің айтуынша, ғалам тарихы жанның (рухтың) өмір тарихын баяндаудан тұрады. Рухтың ішкі дамуы нақты өмірде көрініс табады. «Мәңгіліктен бастау алатын, көк пен жерде болғанның бәрі, Құдайдың өмірі, уақыттың барлық қозғалысы – рухтың өзін танып-білу үшін және өзін табу үшін күресі». Рух – алдын ала толық берілген нәрсе емес: ол потенциалдықтан нақты дүниеге көшеді, тарихтың қозғаушы күші – рухтың өз потенциалын жүзеге асыруға ұмтылуы. Әмбебап тарих – «рухтың потенциалды мүмкін нәрсе туралы білімді өндіру үдерісі».

«Рухтың тіршілік етуі – логиканың мәселесі» деп тұжырымдайды Гегель. Алайда «логика» сөзін ол ерекше мағынасында қолданады. Тарихты логиканың көрінісі деп түсіндіргені секілді, логиканы да ол тарихи, әскери терминдерде бейнелеуге бейім. Егер екі пікір қарама-қайшы болса, Гегель оны олардың арасындағы жанжал ретінде сипаттайды: пікірлер бір-бірімен шайқасып, бұл шайқастан жеңіп немесе жеңіліп шығады. Бұл – бір пікір («тезис») басқа пікірмен («антитезиспен») күресіп, ақыры екеуін де үшінші пікір («синтез») жеңіп кететін үдеріс, ол «диалектика» деп аталады.

Рухқа жету үшін диалектиканың екі кезеңінен өтеміз. Біз абсолюттен, нақты дүниенің жиынтығынан бастаймыз, ол алдыңғы, ерте кезеңдердегі философтар айтқан Болмысқа ұқсайды. Біздің бірінші тезисіміз мынадай: абсолют – таза Болмыс. Алайда таза Болмыс қандай да бір қасиеті болмаса, ештеңеге айналады, сондықтан біз қарама-қарсылыққа әкелеміз: «Абсолют дегеніміз – ештеңе». Тезис пен антитезистен синтез арқылы арыламыз: Болмыс пен Бейболмыстың бірігуі енді Қалыптасып жатыр, сондықтан біз: «Абсолют Қалыптасу үдерісінен өтуде», – дейміз.



Абсолюттің қалыптасуы мен өмірі диалектиканың екінші кезеңінде өтеді. Біз абсолютті әдетте ойдың субъектісі әрі әмбебап ойшыл ретінде қарастырудан бастаймыз: Гегель оны «Ұғым» деп атайды, ал зерде ойлауда туындататын ұғымдардың жиынтығы деп есептейді. Ол абсолютті ой объектісі ретінде қарастырып, оны «табиғат» деп атайды және зерде зерттей алатын объектілердің жиынтығы деп түсінеді. Абсолют өзін саналы түсініп, ойдың субъектісі де, объектісі де болғанда, ұғым мен табиғат бірігеді. Өзіндік сананың бұл синтезі – рух.

Гегельдің рух туралы түсінігі бір қарағанда қабылдауға қиын. Келесі тарауларда түсіндіруге талпынып көреміз, бірақ оның нені білдіретіні туралы алғашқы пікір қалыптастыруға қазірден тырысқанымыз жөн. Біз «рух Құдаймен тең бе, әлде Спинозадағы сияқты, табиғатпен тең бе?» деген сұрақ қоя аламыз немесе медициналық оқулықтарда жеке бауырлар туралы емес, жалпы «бауыр» туралы айтылатыны сияқты, «рух» – адамдардың жеке рухтары туралы айтудың адастыруға жетелейтін ұлы тәсілі деп болжамдай аламыз. Бұл болжамдардың ешқайсысы да дұрыс емес.

Біз адам тегі туралы не айтатынымыз туралы пайымдаудан бастағанымыз дұрыс. Ешқандай да метафизикалық теорияға сүйенбей-ақ, біз адам тегі дамыды немесе құлдырады, болмаса, бұрын білмегендерінің көбін білді деген сияқты нәрселерді қуана айтамыз. Гегель «рух» сөзін қолданғанда сол бұрынғы ұғымды қолданады, бірақ метафизикаға берілген мазмұнның екі қабатын қосады. Біріншіден, ол адамзаттың тарихы туралы ғана емес, бүкіл ғаламның тарихы туралы айтады; екіншіден, ол ғаламды өмірлік даму кезеңдеріне ие органикалық біртұтас ретінде қарастырады.

Гегель бізге ғаламды табиғаттағы нақты ағзалар сияқты қарастыруды ұсынады. Бұтақшасы мен жапырағын жайып, гүлденіп, жемісін беріп, өсімдік даму кезеңдерінен өтеді; ол мұны өзінің түріне сай үлгіге сәйкес жасайды. Гегель Платонға арнайы бас ие отырып, мұны өсімдік идеясы деп атайды. Әрине, өсімдік өзінің идеясын түсінбейді. Бірақ адам баласы күшқуатының дамып, интеллектуалдық қабілетінің пайда болуына сәйкес, біртіндеп өзін, өзінің табиғатын немесе идеясын саналы түсіну деңгейіне көтеріледі. Рухтың прогресі бұл дамуды космос аясында жасайды:

«Рух жеке, ақырғы сана ретінде ғана емес, өзінің ішінде әмбебап және нақты рух ретінде қарастырылуы тиіс... Рухтың ақылды түсінуі – жалпы эволюциялық даму үдерісінен өтіп жатқан нақты дүниенің алға қарай дамуы да. Бұл – өзінің жолын жеке адамның ойы арқылы жүргізетін және өзін біртұтас санада көрсететін даму емес, себебі ол – өзін дүниежүзінің тарихында жан-жақты, бай формада көрсететін әмбебап рух».

Осылайша, әлемнің тарихы – рухтың үнемі өсіп отыратын өзіндік санасының тарихы. Космос идеясының әртүрлі кезеңдері әртүрлі уақытта әртүрлі халықтар үшін әртүрлі байқалады. Рух еркіндік санасында адамдардың еркіндікті саналы түсінуімен бірге өркендеп, дамиды. Шығыс деспоттарының қол астында өмір сүргендер еркін тіршілік ету дегеннің не екенін білмеді. Гректер мен римдіктер өздерінің еркін екенін білді, бірақ олардың құлдықты мойындауы адамның еркін екенін білмейтінін көрсетті. «Неміс халқы христиандықтың әсерімен адамның адам ретінде еркін екенін түсінді: оның мәнін құрап тұрған – рухтың еркіндігі».

Рухтың еркіндігі – жалпы тартылыс сияқты заңдардың қажеттілігіне байланысты материядан оның айырмашылығын көрсетіп тұрған белгі. Дүниежүзінің тарихы – рухтың өз еркіндігі мен сол еркіндігін саналы түсінуінің кеңеюі. Эгоист тұлғалар мен халықтар рухтың тағдырын анықтайтын бейсана құралдар болып есептеледі: олар ғарыштық драмадағы өз рөлін ұлттық мемлекет болып қалыптасар сәтте саналы ұғына бастайды. Мемлекет – еркіндіктің, яғни түпкі мақсаттың жүзеге асуы, ол өзі үшін өмір сүреді. «Мемлекет өзінің азаматтары үшін өмір сүрмейді, керісінше, көз – тірі дененің бөлігі ретінде ғана бағаланатыны сияқты, азамат та мемлекеттің мүшесі ретінде ғана белгілі бір құндылыққа ие».

Түрлі мемлекеттер өздері біріктіріп отырған ұлттардың рухына сай сан қилы сипаттамаға ие болады. Әртүрлі халықтық рухтар әлемдік рух бағдарламасының алғашқы көрінісі саналады, ал олардың құрамына кіретін адамдар әлемде бір дәуір барысында үстемдік етеді. Әр халық үшін мұндай сәт бір рет қана соғады, Гегель өзі өмір сүрген кезеңде осындай сәт неміс халқы үшін соқты деп сенді. Пруссия монархиясы жер бетінде мінсіз мемлекетті жүзеге асыруға жақындады.



Десек те, рухтың ең маңызды көрінісі – саяси институттар емес, философияның өзі. Абсолюттің өзіндік санасын адамның философиялық рефлексиясы туындатады; философия тарихы абсолютті өзімен бетпе-бет жақындатады. Гегель философия өркендеп, прогреске жетті деп нық сенді: «Ең соңғы, ең заманауи және ең жаңа философия – ең дамыған, ең бай және терең», – дейді ол бізге. «Философия тарихы бойынша дәрістерінде» ол өзіне дейінгі философияны бірінен соң бірі диалектика жолымен жүріп, Неміс идеализмі бағытымен келе жатқан сипатында көрсетті.

## Гегельдің Абсолюті

Гегель христиандықты зерттеумен айналысты. Мысалы, ол Германияның тарихын үш кезеңге бөледі: Ұлы Карлға дейінгі кезең, оны Әкей Патшалығы деп атайды; Ұлы Карлдан Реформацияға дейінгі кезең, оған Ұл Патшалығы деген атау береді; ақырында, Реформациядан Пруссия монархиясына дейінгі кезең, ол – Әулие Рух немесе Рух Патшалығы болып саналады. Анда-санада ол Құдай ретіндегі Абсолютке сілтеме жасап, Абсолют Аристотельдің ұғымын еске салады, оны христиан ойшылдары Құдайы сипаттау үшін қолданған дейді. Алайда жақынырақ қарастырғанда, Абсолюттің христиандық Құдайдан мүлдем өзгеше екені байқалады.

Христиандық дәстүр ойластырғандай, Құдай – мәңгілік, өзгермейді, оның бар болуы дүние мен адамдардың өмір сүруінен тәуелсіз. Құдай Адам мен Абрамға дейін-ақ өзіндік сана толықтығында өмір сүріп жатты. Басқа жағынан алғанда, Гегельдің Абсолюті – адамдардың өмірі арқылы ғана өмір сүретін рух, ал Абсолюттің өзіндік санасы философтардың күнделікті өмірдегі пайымдауларынан туындайды. Алайда Рух адам ойлауының жиынтығы ғана емес; Абсолюттің бір де бір ойшыл адамда жоқ мақсаттары бар және адам оларға бейсана түрде қызмет етеді. Бірақ Ғалам Рухының жоспары трансцендентті Жаратушы сырттан таңған бірдеңе емес; бұл – DNA-ң (аудармашы: құрылым) космостық эквиваленті жоспарлаған ішкі эволюция.

Гегель өзінің жүйесін діннен берілген ақиқаттарды рационалды, ғылыми түрде жеткізу деп түсінді. Философия мен дін бір саланы қамтиды:

Жалпы алғанда, философияның объектілері діннің объектілерімен бірдей. Екеуінде де «Құдай, тек қана Құдай – Ақиқат» деген мағынадағы Ақиқат бар.

Табиғаттың шектеулі дүниелері мен адамның ақыл-ойы, олардың бір-біріне қатынасы, Құдайы ақиқат мәселелері де осы тұрғыдан қарастырылады.

Адамзат философияда да, дінде де өзіндік ғаламдық космостық ақыл-ойды құрастыруға ұмтылады: дін мұны табыну арқылы жасайды; философия – рационал пайымдау арқылы жүзеге асырады.

Дін бізге әуелі мифтер мен бейнелер ұсынады. Мысалы, антика дәуірінде Гомер мен Гесиод грек құдайлары мен Құдай әйелдерінің пантеонын қалыптастырды. Философияның мифтер мен бейнелерге алғашқы реакциясы – олардың ақиқатқа деген ұмтылысын тас-талқан ету болды: мысалы, Платон ақындар мен мүсіншілердің теологиясын айыптады. Бұл көрініс басқа мәдениеттерде де қайталанатын. Мысалы, Ағартушылық философтары еврей және христиан баяндарын келекеге айналдырды. Алайда дін мен дінге қарсы философияның арасындағы антагонизмді Гегельдің ақиқат философиясы ығыстырып шығарды, ол сенімді де, ақыл-ойды да біртұтас мәңгілік ақиқатты бейнелеудің әртүрлі тәсілдері деп қабылдайды.

Философия ойдың көмегімен жеткізетінді дін бейнелер арқылы сипаттайды. Гегельдің жүйесі бойынша табиғатта заттандырылатын концепт Ұлы монотеистік діндерде трансцендент Құдайдың дүниені еркін жаратуы деп түсіндіріледі. Гегельдің шектелген рухты шексіз рухтың өмірінің бір сәті деп түсінуі христиан ілімінде Құдай Христос арқылы адам кейпіне енді деп тұжырымдалады. Бірақ философияға дін артықтық етпейді: «Діннің формасы ақыл-ойға қажет, себебі ол өзі үшін керек; бұл ақиқаттың барлық адамдар үшін де, сананың әрбір тәсілі үшін де қажет формасы. Гегель өзінің лютеран және лютеран болып қала беретінін мақтанышпен айтты.

Сонымен, Гегельдің христиан ілімдеріне көзқарасы жағымды болды. Оның Құдайдың бар екенінің дәстүрлі дәлелдемелеріне қатынасы да осындай еді. Алайда Құдай – абсолют, ал абсолют – бүкіл өмір сүріп отырған нәрселер болса, онда Құдайдың бар екенін дәлелдеудің



қажеті бола қояр ма екен? Бұл – онтологиялық аргументтің Гегель ұсынған нұсқасы. «Біз Құдай деп атайтын нақты тұтастық, деп жазды ол, осындай кедей категорияны бәрінің арасындағы ең кедей және ең абстракт категория ретінде қамту үшін ол соншалықты бай болмаса, түсініксіз болар еді». Оның ойынша, Құдайдың бар екенінің нақты дәлелі – Гегельдің толыққанды жүйесі.

Өзінің философиялық жүйесін жасау жолында Гегель ойлау мен болмыстың теңдігінен бастайды. Ал онда оның Шеллингтің философиясынан айырмашылығы неде деген сұрақ пайда болуы мүмкін. Расында да, Шеллинг, жоғарыда көрсеткендей, Абсолюттің ойлау мен болмысының тепе-теңдігін мойындады. Бірақ сол тепе-теңдіктен шығудың қайнар көзін ол белгісіз бір құдіретті күштен көреді де, оны тек қана эзотерикалық (құпия) жолмен сезінуге болатынын айтады. Ал Гегельге келсек, ол сол ойлау мен болмыстың теңдігін ғана мойындап қоймай, оны айырмашылық ұғымымен тығыз байланыстырып, олардың өзара ішкі диалектикасын ұғымдық (категориялық) деңгейде түсінуге болатынын айтады.

Екіншіден, Гегель Абсолютті «дамып жатқан субстанция ретін» де қарап, философияға тарихи көзқарасты енгізеді. Сонымен қатар дамудың өзі қайшылықтың негізінде, заттың бүгінгі жағдайының теріске шығарылып, оның қарама-қарсыға өтуі, соңғының өзі жүре келе теріске шығарылатыны т.с.с. ретінде қаралады.

Көркем сөзбен пайымдай келе, Гегель «ақиқат – алдын ала құйылып, қалтаға салуға дайын тұрған күміс ақша емес», оған жету үшін жеке адам жалпы рухтың өткен тарихи жолымен танысып, оны егжей-тегжей біліп, игеру керек екенін айтты.

Осындай диалектикалық көзқарастың негізінде Гегель өзінің орасан зор философиялық жүйесін тудырды. Ол Абсолюттік идеядан басталады. Басқаша сөзбен айтқанда, ол – абсолюттік білім, таза ұғым – шынайы болмыстың өзі. Оның өз-өзіне келіп тануын, өз-өзін анықтауын ол «Логика ғылымы» арқылы береді.

Сонымен қатар абсолюттік идея өз-өзіне тең ойлау сатысынан өтіп, іс-әрекет арқылы өзінің өзге болмысына – табиғатқа айналады. Ал табиғат дегеніміз – немқұрайлы сыртқы затқа айналған идея. Табиғаттың мақсаты – өзінің тікелей сезімдік сатысынан өтіп, Феникс құсы сияқты өзін қайта жаңару үшін жағып, жасарып, осы сыртқы болмыстан рух ретінде қайта дүниеге келу болып табылады.

Рух дегеніміз – шектелген сана, ойлай алатын қабілеті бар пенде, яғни – адам. Бірақ ол табиғаттан шықса да, Гегельдің ойынша, оның туындысы емес – ол өзінің өзіндік нәтижесі. Рух өзінің алғышарттарынан – логикалық идея мен сыртқы табиғаттан – өзін тудырады. Сонымен абсолюттік идея ең алдымен таза логикалық дәрежеде болады, соңынан табиғатқа айналып, соның ішінен адамзат осы тұрғыдан қарағанда, Гегельдің ойынша, философия ғылымын үшке бөлуге болады.

Бірінші, ол – Логика. Ол – өзінде және өзіне бағытталған идеяны зерттейтін ғылым.

Екінші – табиғат философиясы. Ол – өзінің өзгеше болмысындағы идеяны зерттейтін ғылым.

Үшінші – рух философиясы. Ол – өзгеше болмысынан қайта өзіне оралып жатқан идея жөніндегі ғылым.

Сонымен Гегельдің абсолюттік идеализм жүйесінің қабырғалары осылай қалыптасты. Жоғарыдан байқағанымыздай, Гегельдің философиялық жүйесін объективті идеализм бағытына толығынан жатқызуымызға болады.

Осы арада оқырманның шыдамы бітіп, мынандай сұрақ қоюы мүмкін: табиғатқа дейін таза ақиқат ретінде өмір сүрген «абсолюттік идея» – ол не? Бұл сауалды уақытында Гегельдің дәрістерін тыңдаған оқушылары да қойғаны туралы аңыз бар. Әрине, ол – басқаша сөздермен айтылған Құдай идеясы. Тек христиан дініндегі Құдайға қарағанда, оның денелік адамдық қасиеттері жоқ, ол – таза логикалық идея ғана. Сонымен біз Гегельдің жасаған философиялық жүйесін неше түрлі философиялық категориялармен (ұғымдармен) әсемделген нәзік діни көзқарас десек те болғаны. Егер біз Гегельдің философиясындағы алғашқы абсолюттік идеяны сызып тастап, өзіміздің Дүние жөніндегі ой-өрісімізді мәңгі өмір сүріп жатқан «ұлы мәртебелі Табиғаттың» өзінен бастап, тіршілік әлемін, тіпті сана-сезімі бар адамның өзін соның туындысы ретінде қарасақ, онда біз таза материалистік көзқараста болар едік.

Алайда Гегельдің философиялық жүйесіндегі ең құндысы – оның рух жөніндегі ойлары.



Ол адамзат рухын тарихи көзқарас тұрғысынан талдап, оның даму сатылары жөнінде тамаша ойлар мен пікірлер айтады.

Гегельдің ойынша, рух даму процесінде өзінің үш сатысынан өтеді:

1. Субъективті рух, яғни жеке адамның санасы.
2. Объективті рух, оған ол құқ, мораль, адамгершілік, отбасы, азаматтық, мемлекеттік жатқызады.

3. Абсолюттік рух – ол өнер, дін және философия. Субъективті рухты Гегель үш ғылымның шеңберінде қарайды. Олар: антропология, феноменология және психология. Антропология ілімінде ол жеке адамның тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, дене мен жанның арақатынасына, адамзаттың нәсілдік айырмашылықтарына, мінез-құлық пен темпераментіне, адамдардың өмір кезеңдеріндегі айырмашылықтарға т.с.с. көңіл бөліп талдайды. Гегельдің ойынша, адамның басқа тіршіліктен бірде-бір айырмашылығы – оның тік жүруінде. Ашық нәсілшілдікті қолдамағанмен, Гегель нәсілдер мен ұлттардың арасындағы айырмашылықтарды «абсолютті рухтың» әртүрлі сатыларындағы өз-өзін анықтауымен теңеп, олардың арасындағы мәдени айырмашылықтар ешқашанда жойылмайды деген кертартпа пікір айтады. Адамның өмір кезеңдеріндегі айырмашылықтарды қарап, ойшыл қоғамдық қатынастардағы тәртіпке адамдар тек қана жастық шағында ғана қарсы шығады, есейе келе, пісіп-жетілген шағында олар қирату мен бүлдіруден гөрі тәртіпті сақтауды, жасампаздық еңбекті қалайды.

Қазіргі заманның алғашқы кезеңі табиғи теология үшін сынақ дәуірі болды. Ол діни дәстүр элементтеріне күмәнмен қарай бастаған философтардың тарапынан ғана емес, сенімге орын босату үшін табиғи теологияға қойылатын талаптарды азайтқысы келген теологтар жағынан да сынға ұшырады. Ағартушылық философтары теологиялық ілімдердің эпистемология, психология, биология, этика және саясат салаларына қосқан үлестерін төмендетуге, тіпті алып тастауға ұмтылды. Француз революциясы мен оның салдарлары еуропалық ойшылдарды дәстүрлі дінді де, сонымен қатар, Ағартушылық бағдарламасын да қайта қарастыруға мәжбүр етті. Келесі томда көретініміздей, бұл XIX ғасырда ғылымды жақтаушылардың дінге қоятын талаптарының және діни зиялылардың қарсы жауаптарының күшеюіне әкелді.